


# Қаламгерге құрмет

Ұлттық руханияттың өркендеуіне аса зор үлес қосқан, Қазақстанның құрметті журналисі, белгілі қаламгер, Екібастұз қаласының құрметті азаматы, «Отарқа» газетінің негізін салушы Аманкелді Қантарбайұлы дүниеден озғалы аттай желіп бір жыл өте шықты. Артында қалған жұрты ардақты азаматын қайтадан етіле еске алды.

Бектүрган ЛАҚАДЫЛ

Алдымен кепшілік қаладағы қаламгер тұрған Киев кошесі, 11-үйдің кабыргасына орнатылған мемориалды тақтаниң ашылу салтанатына жиналды. Оған қала өкімі А.Вербняк және марқұмның замандастары, өріптестері қатысты.

Қала өкімінің орынбасары Айгүл Марданова, ҚР мәдениет қайраткері Фалия Балтабай, баянауылдық ардагер үстаз, белгілі қаламгер Зе-



кебай Солтанбайұлы, марқұмның жолдасы Қайыр Қаниұлы және қаламы жүйрік танымал журналист, ақын Сайлау Байбосын сөз сейлеп, Аманкелді Қантарбайұлының азаматтығы мен қайраткерлігі, қоғам алдында тындырган ізгілікті істері жайында естеліктер айтты.

-Аманкелді Қантарбайұлы Екібастұзда Абай атындағы қазақ орта-

мектебінің сақталып қалуына, №18 орыс мектебінің мемлекеттік тілдегі білім беретін мектепке айналуына, тіл мен діл, дініміздің өркен жауона айрықша еңбек сінірген азамат еді. Сондықтан оның есімі қаланың бір көшесіне берілуін сұраймыз, -деді Фалия Балтабай.

(Жалғасы 2-бетте)  
Сурет В.Фадеевтікі

# Қаламгерге құрмет

(Соңы. Басы 1-бетте)

Журналист Сайлау Байбосын қадірлі азamatтың ел мүддесі үшін атқарған қадау-қадау илгісін айта келіп, енді артында қалған жоқтаушы жұртының не істеуі керектігі жайлы ұсыныс таstadtы.

- Бұғын біз «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қазақ даналығына тағы бір көз жеткізгендей болдық. Өзінің саналы ғұмырын осы өнірдің журналистика саласын өркендештеге арналған, ана тіліміздің жаңашыры болған ағамыздың тұрған үйінің іргесіне естелік тақта орнаттық. Халық арасында «екінші өмірі басталды» деген сез бар. Мұндай сез әдетте әдебиет, өнер саласында жемісті еңбек еткен адамдарға арналып жатаады. Міне, бұғын Аманкелді ағамыздың да екінші өмірі басталды десек, артық айтқандық болмас. Олай дейтініміз, осы көшеден еткен қалың жүргінші мына орнатылған естелік тақтаға кез салып, кімнің есімі жазылып тұрғанына қарап қызығушылық танытатыны белгілі. Әбекене арналған шаралар осымен тоқтап қалмай, алдағы уақытта да жалғасын таба берсе деймін. Айтпақшы, «Отарқа» газетінің журналистері мен марқұмның үрпақтары үйітқы болып жас журналистердің байқауын жариялады. Бұл да құптарлық іс,-деді С. Байбосын.

Тақтаны салтанатты ашу рәсімінен кейін жүртшылық «Үміт» кафесіне жиналды. Онда марқұмның рухына дүға оқылып, ас берілді. Сонымен бірге қарымды қаламгердің өмірі мен журналистік қызметі, шығармашылығы туралы түсірілген деректі фильм көрсетілді.